

# ЕГІСКЕ ДАЙЫНБЫЗ БА?

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№13  
(1716)  
28 наурыз  
2024 жыл  
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақжелең Ақшақы Газеті

## НӘЛІБАЕВ НЕ ТАПСЫРДЫ?

Үкімет отырысының күн тәртібінде көктемгі дала жұмыстарына дайындық барысы қаралған арнайы мәжілістен кейін өткен облыс әкімдігі жиынында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аталған мәселеге орай жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма берді.

– «Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы жалпы өнім көлемін алдағы 5 жылда 2 есеге арттыру жөніндегі тапсырмасын орындауды биылдан бастауымыз керек. Ол үшін Үкімет мақұлдаған егін шаруашылығы индикаторлары бойынша биылға болжанған көлемді агротехникалық талаптарды сақтап, мерзімінде егу қажет. Жанар-жағармай, тыңайтқыш, тұқым, қаржы және су ресурстарымен қамтамасыз ету басты назарға алынады. Бүгінгі күнгі мәлімет бойынша “Шардарадан” жоғары орналасқан “Тоқтағұл”, “Әндіжан”, “Қайраққұм”, “Шарбақ” су қоймаларындағы су көлемі 12,1 млрд. текше метр, бұл өткен жылдағыдан 700 млн. текше метрге кем. “Шардара” мен “Көксарайға”



жиналған су көлемі 1 млрд. текше метрге аз. Вегетациялық кезеңде “Шардара” су қоймасына жоғарыдан қосымша 3 млрд. текше метр су берілмесе, қиындықтар туындайды. Сондықтан жоғарыдан келетін су көлемі тұрақты, күнделікті бақылауда болуы керек», - деді аймақ басшысы.

Жиында шаруашылықтардың «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы «Кең дала» бағдарламасымен 2,5 млрд. теңге несие алуы, ауыспалы егіс тәртібін қатаң сақтау, су үнемдеу технологиясы қолданылатын егіс көлемін ұлғайту мәселелері талқыланды.

Мәжіліс қорытындысымен облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына жанар-жағармайдың бекітілген кесте бойынша жеткізілуін қадағалау, қаржыландыруды ұйымдастыру, Қызылорда қаласы және аудан әкімдерімен бірлесіп, бақшалыққа қажетті судың берілуін үйлестіріп, көлемін арттыру тапсырылды. “Арал-Сырдария” бассейндік инспекциясы егіске қажетті суармалы судың лимитін сәуір айының 5-не дейін нақтылауы тиіс. Ал, «Қазсушар» мекемесінің облыстық филиалы көктемгі су алу науқаны басталғанға дейін су шаруашылығы нысандарын (каналдарды тазалау, гидротехникалық құрылыстарды, гидростарды) жөндеуді толық аяқтауға жауапты. Мұнан бөлек Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне

қажетті тыңайтқышпен, тұқыммен, жанар-жағармаймен қамтамасыз ету, жергілікті тұрғындардың картоп, көкөніс, бақша дақылдарын егетін қосымша жерін дайындауды 1 мамырға дейін аяқтау жөнінде тапсырма берілді.

## ЕГІСКЕ ТАС ТҮЙІН ДАЙЫН ОТЫР...

Көктемгі егіске дайындық жұмыстарын пысықтаған Үкімет жиынында Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев көктемгі егінге өзіндік барысын баяндады.

– Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы өнім көлемін 5 жылда 2 есеге арттыру тапсырмасына сәйкес облыста 187 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Оның ішінде күріш көлемі 83,9 мың гектар. Өткен жылмен салыстырғанда егіс көлемін 6,4 мың гектарға, оның ішінде күрішті 5 мың гектарға азайттық. Орнына суды аз қажет ететін дақылдар егісін арттырамыз. Сырдария өзеніндегі су

шаруашылығы жағдайы күрделі болуына байланысты егілетін егісті тұрақты суғаруға су лимитінің бекітілуін күтудеміз. Мемлекетаралық Су шаруашылығы үйлестіру комиссиясының 86-шы отырысында вегетация кезеңіне су лимиті белгіленгеннен кейін егіс көлемі қайта нақтыланатын болады. Өңірде көктемгі егін егу жұмыстары наурыз айының 1-ші онкүндігінде басталды, мамырда аяқталады. Күріш сәуір айының 3-ші онкүндігінде себіле бастайды. Ерте егілетін дақылдар жаңа жонышқа, жаздық бидай, арпа, мақсары, қант құмайы жерге орналастырылуда. Бүгінгі күнге 16,5 мың гектары егілді.

5-бемме

## БІТПЕЙТІН ДАУ-ДАМАЙ ЕЛГЕ АЗЫҚ, ТАБЫС БОЛМАЙДЫ

Облыс әкімі Н.Нәлібаевтың төрағалығымен өткен көктемгі егіске дайындық барысын пысықтаған облыс әкімдігінің жиынында Сырдария ауданындағы “Шіркейлі” ауылындағы шиеленіскен мәселенің жайы да айтылды.

Ауылдағы “Мәді қажы” шаруашылығының басшысы С.Сұлтанов пен үлескерлер арасындағы бітпеген, әлі созылып келе жатқан дау-дамайдың әсерінен ауылдағылардың егін еге алмау қаупі бар. Өуел басында үлескерлердің жерден өз үлестерін алмақшы болған әрекеті ұласа келе “Мәді қажы” басшысы С.Сұлтановты ауыстыруға тірелді. Өкінішке орай жер дауынан басталып жемқорлық тақырыбына ауысқан мұндай даулы жағдайлар көптеген шаруашылыққа тән десе де болады.

Қай кездегідей тұтас бір ауыл әр жақ болып, жік-жікке бөлінді. Біреулері жердің үлесін даулап жүргендерді жақтаса, енді бірі басшыны жақтады.

Қай кездегідей бітістірушілерден гөрі даулы жерден дау шығарып ұпай жинайтын арандатушылар, бүлікшілер “Шіркейлі” мәселесінде де бой көрсетті. Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екенін аңғара алмай, әркімнің айтқанына еріп, деп-сал болған халық әкімдік, сот арасын жол қылды. Бітпейтін дау қуып жүргенде қыс өтіп, көктем келді. Тірлік ету керек. “Көктемгі егіс жылға азық” екенін білгенмен, не пайда, қара халықтың қолында кетпен, күрек, тырмасынан басқа ештеңе жоқ. Қаулысы бекіп шыққан жерін

бөліп алғанымен себерге тұқымы, жүрерге техникасы, жаратарға жағар майы, тыңайтарға тыңайтқышы қайда? Мұның бәрін қамтамасыз етуге қаржы мәселесі тағы бар.

Осы уақытқа дейін алдыңғы егіске берілген қаржысы қайтарылмаған инвестор тағы қарызға қаржы салмасы анық. Содан да тірліктен үмітті шаруалар өздері қаржы іздеп инвестор жағалап жүр...

Бір ауылдың тағдыры сондағы тұрғындардың ғана түйіктілі емес, барша сырбойылықтарға сын. Содан да болар аймақ басшысы Н.Нәлібаев “Шіркейліге” қатысты жағдайды зерттеп, зерделеуді заң орындарына тапсырған еді. Кешегі әкімдік отырысында облыстық полиция департаментінің бастығы Махсудхан Аблазимов:

– Қожалықтың басшысы Сейткамал Сұлтановтың үстінен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 189-шы бабы 4-ші бөлігі 1-ші тармағы, бұл сеніп тапсырылған мүлікті аса ірі мөлшерде жымқырды бойынша қылмыстық іс қозғалды. Қазір экспертиза тағайындалды. Оның шешімі алынды. Одан басқа тағы да осы қожалықта болған, Сұлтановтың қатысуымен, соның тапсырмасымен болған қылмыстар анықталып жатыр. Оның ішінде техниканы заңсыз пайдалану, жұмыс күшін басқа жаққа пайдалану, басқа да осындай қылмысты әрекеттер орын алғаны белгілі болып отыр. Қазір қатаң шара қабылданатын болады. Тергеу сотымен қамаққа алу шарасы санкцияланды. Ол бойынша бұл

азаматқа және де сол қожалықта жұмыс істейтін бухгалтерлерге қатысты шара қабылданатын болады. Бухгалтерлерге қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 241-ші бабымен іс қозғалды. Оларға бухгалтерлік есепті және қаржыландыру есептерін жою фактісі бойынша іс қозғалды.

Іс тергеліп жатыр. Қорытындымен заңды шешім қабылданатын болады. Қатаң шешім қабылданатын болады, - деп баяндады. – Аудан, қала әкімдері басқа шаруашылық басшыларына түсіндіру керек. Елдің жағдайын жасасын. Ұнбек ақысын жемесін. Уақытылы төлесін. Өріптестер, осы бағытта жұмыс жасау керек, түсіндірме жұмыстарын жүргізу керек. Қатаң шаралар көрілетін болады. Біз оған жерлесіміз болғаннан кейін, бұрынғы еңбегін бағалап қаншама рет түсіндіріп, алдынан өттік. Халыққа да айттық.

Шыдамның да шегі бар. Өрі қарай заң бойынша шешімдер қабылданатын болады – деген облыс әкімі Н.Нәлібаевтың сөзінен белгілі болғанындай ауылдың тұтастығын сақтау, үлескерлер мен шаруаның арасындағы дау-дамайды өршітпеу үшін шаруашылық басшысына, оның сол ауылда сыйлы ата-анасының ел алдындағы беделіне орай, өзінің де бұрынғы елге жасаған қызметіне орай қайта-қайта мүмкіншіліктер берілді. Алайда, бітпейтін дау-дамай, айтыс-тартыс елге азық, табыс болмасы анық...

Егін науқаны басталды. Осыған орай Үкімет те ауыл мен ауыл шаруашылығына бет бұрды.

Мәселен, өткен аптада өткен Үкімет жиынында ауыл халқының өмір сүру сапасын жақсарту мәселесі қаралса, осы аптаның сейсенбісінде көктемгі дала жұмыстарына дайындық барысы пысықталды.

Ауыл шаруашылығы министрі А.Сапаровтың айтуынша бұл науқандағы басты мәселе қаржыландыру. Есептеп қарағанда сапалы тұқым, тыңайтқыш, пестицидтер, жанар-жағар май тағы да басқа қажеттіліктермен қамтамасыз етіп, ойдағыдай егін егіп, оны жинау үшін 1,5 трлн. теңге қажет екен.

Биылғы егін егу науқанының жаңалығы аз емес. Мәселен, жыл сайын дихандарды жағар маймен қамтамасыз ету бір проблема. Біресе мұнай өңдеу зауыты тура көктемде жөндеуге жабылады, немесе тасымалдайтын теміржолдан вагон жетпейді, немесе бағасы қымбаттайды. Биыл да елдегі мұнай өнімдерін өңдейтін зауыттың бірі дәл егіс науқаны тұсында жөндеуге тұрды. Дихан көңілінде тағы да май тапшылығы болмас па екен деген күмән қалды. Алайда, Үкіметтің айтуынша егіске қажетті қор жинақталып, сақтаулы. Ресми ақпарат бойынша, еліміз бойынша барлығы 340 мың дизель отынының көлеміне жиынтық өтім қалыптастырылған. Олардың негізінде Энергетика министрлігі дизель отынын тиіп-жөнету бойынша мұнай өңдеу зауыттарына облыстарды бекітіп беру графигін, сондай-ақ жеңілдікпен берілетін дизель отынының құнын литріне 250 теңге көлемінде бекіткен. 250 теңге бөлшек сауда құнынан 15% арзан. Сондай-ақ биылғы егіске қажетті дизель отынының көлемін қалыптастыру алғаш рет “gosagro.kz” арқылы дихандардың электрондық өтімдері арқылы жүзеге асырылған.

Өзірге өңірлерге мұнай өңдеу зауыттарынан барлығы 67 мың тонна дизель отыны тиіп, жөнелтілген. Енді министр Сапаров облыс әкімдері өздеріне тиесілі дизельдің қалған бөлігін тиіп алып үлгірсе деп тағатсыздық танытуда.

Бір өкініштісі, қай кездегідей шаруалардың жайбасарлығы, әлде цифрландыруға сауатсыздығының әсері, болмаса ауылдардағы интернеттің нашарлығы, қайсысы себеп болғанда да жекелеген шаруалар жеңілдікпен берілетін дизель отынына өтініш беріп үлгермеген. Енді әкімдер мен фермерлер өтімдерді қабылдауды қосымша ашуды сұрап отыр. Өз кезегінде Ауыл шаруашылығы министрі А.Сапаров Энергетика Министрі А.Сатқалиевтен облыс әкімдерінің осы өтінішін қолдауды сұрап отыр. Энергетика министрі келіспесе, онда бірқатар шаруа жеңілдетілген дизель отынын қалыс қалады.

Егіннің бітік болуының бір кепілі – тыңайтқыштармен тыңайту. Өкінішке орай биылғы жылы шамамен 1,5 млн. тонна тыңайтқыш жоспарланып отыр екен. 1,5 млн. тонна көрер көзге көп болып көрінгенімен, ғылыми қажеттіліктің бар болғаны 46%-ы ғана екен.

Егісті тыңайтқышпен әбден тыңайтуға әріне қаржыландыру мәселесі кесе көлденеңдейді. Жыл сайын тыңайтқыштардың құнын арзандатуға бюджет қаражаты тапшы.

Тыңайтқыштарды субсидиялауда да тың жаңалықтар бар. Бір жағы сыбайлас жемқорлықты болдырмау, екінші жағынан шаруаларды алдын ала арзандатылған тыңайтқыштармен қамтамасыз ету үшін отандық тыңайтқыштар аванстық субсидияланады, демек, субсидия отандық зауыттарға әкімдіктердің кепілдігімен бөліп төлеуге беріледі.

Бүгінгі күнге 147,5 мың тонна тыңайтқыш жөнелтілген. 173,4 мың тоннаға шарт жасалған. Айта кету керек, бұл ретте министр Сапаров осы бағытта белсенді жұмыс істеп отырған екі ғана облыстың бірі – Қызылорда облысы әкімінің ісін мақтады.

Егіннің бітік болуының тағы бір кепілі – пестицидтерді қолдану. Мемлекет пестицид құнын 50% субсидиялап, шаруаға қолдау көрсетіп отыр.

Қайсыбір дақылдың болмасын сапасы, нарықта өтімді болуы тұқымына байланысты. Содан да егіс науқанындағы маңызды мәселенің бірі осы. Ресми ақпарат бойынша биылғы егіске 2,4 млн. тонна тұқым қажет болса, әзірге оның 97%-ы бар. Облыстардың жергілікті бюджеттерінде тұқым шаруашылығын субсидиялауға 12,8 млрд. теңге қаралған. Жердің құнарсыздануынан, өзгермелі ауа-райы әсерінен, егін шығымдылығының төмендеуінен тұқым сапасыз, немесе қоймасында тұқымы жоқтар үшін бұл үлкен көмек екені анық.

Үкіметте өткен жиында Үкімет басшысы О.Бектенов биылғы егіске “Кең дала” бағдарламасы бойынша жеңілдікпен 140 млрд. теңге берілетінін, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қосымша 100 млрд. теңге бөлінетінін айтты. Форвардтық сатып алуға 40 млрд. теңге және субсидияларға 95,4 млрд. теңге қарастырылған.

Үкімет басшысы О.Бектенов:

– Фермерлер жақсы тұқымға қол жеткізу мүмкін еместігін айтып, шағымданады. Азық-түлік корпорациясы жинақталған қордан кемінде 200 мың тонна тұқымды мұқтаж фермерлерге тауарлық несие түрінде бөлуі керек. Біздегі климаттық жағдайларға төзімді, өзімізде шығарылатын тұқымдық қордың көлемін ұлғайту қажет. Сонымен қатар агротехнологиялық талаптардың сақталмауы да өнімнің көлемі мен сапасына кері әсерін тигізіп отыр. Ең алдымен, бұл – минералды тыңайтқыштардың, пестицидтер мен өсімдіктерді қорғайтын басқа да құралдардың қажетті мөлшерін қолдануға қатысты мәселе. Бізде тыңайтқыштарды қолдану деңгейі ғылыми қажеттіліктің небәрі 21%-ын ғана құрады.

Фермерлер өздеріне тиесілі субсидиялардың тым көшігіп төленетініне наразылық білдіруде. Өткен жылғы субсидиялар бойынша қарыз 160 млрд теңгеден асып кетті. Бұл қаражатты егіс жұмыстарына жаратуға болатын еді. Жеңілдікті дизель отынын үлестіру барысы да ерекше бақылауда болуға тиіс. Алыпсатарлыққа және қолдан тапшылық жасауға жол бермеу керек, - деп жиынды қорытты.

## БЕН ЛАДЕН ҚАЙДА ЖҮР?

2002 жылы Қызылорда қаласына қарасты Ақсуат ауылдық округінде Айтбай Бен Ладен есімді бүлдіршін дүние есігін ашқан еді. Күллі өлемді айдая аузына қаратқан тұлғаның атын иемденген сырбойылық саби жайында сол уақытта басылымдар мен телеарналар жарыса айтып та, жазып та жатты.

Уақыт өте келе ақпарат әлемінде ерекше есім иесінің



мектеп табалдырығын аттағанын да сүйіншілеп, жеткіздік. Ол кезде күллі қазақ елін өзгеше есімді еңшілеген сәбидің өмірі қызықтырып тұрған болатын. Бәрі таңсық есімді балаға жарқын болашақ тілеп, тілеуестігін білдіріп жатты. Араға біраз жыл салып сол кейіпкерімізді қайта іздеп таптық. Оқырмандарымызды оның қазіргі тұрмысымен таныстыруды жөн көрдік.

2-бемме

# ТӘУІПБАЕВ ТӨРАҒАЛЫҚТАН КЕТТІ

Осы аптаның сейсенбісі күні қалалық ардагерлер кеңесінің кезекті пленумы өтті. Мәжіліске облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев қатысты.

Пленум басталғаннан кеңес төрағасы Сұлтан Тәуіпбаев былтырғы қалалық ардагерлер кеңесінің атқарған ауқымды жұмыстарын тізіп, баяндама жасады. Кеңес төрағасы өзінің баяндамасында ардагерлердің әлеуметтік, материалдық қамтылуын, рухани жаңғыру, бастауыш ұйымдардың жұмысын барынша жандандыру, белсенділігін арттыру, ұрпақтар сабақтастығы, жастар тәрбиесі, отбасы беріктігін сақтау, салауатты өмір салтын қалыптастыру, тәрбие саласында кеңестің атқарған жұмыстарын атап көрсетті.

Баяндама аяқталғаннан кейін ақсақалдар ардагерлер кеңесінің жұмысына көңілдері толмайтынын жеткізді. Алғашқы сөзді білім саласында біршама жыл қызмет еткен Мылтықбай Бәйімбетов бастады.

– Білім саласында 2 мыңға жуық ардагер бар. Олардың сайы жылдан жылға көбейіп жатыр. Қазіргі таңда бізде 74 бастауыш ұйым бар. Әр ұйым апта сайын тәрбие сағатын өткізіп жатыр. Бүгінде адамгершілік, кітап оқуға деген құштарлық, еліміздің салт-дәстүрлерін дәріптеу мақсатында мектептерге барып, жас жеткіншектермен кездесу ұйымдастырып жатырмыз. Бұрынғы біз білім берген кей шәкірттеріміз белді компанияларда басшылық қызмет етіп жүр. Кейбірі жеке кәсіппен айналысуда. Солардың қаржылық көмегінің арқасында Темірбек Жүргенов, Ахмет Байтұрсынұлы секілді қайраткерлеріміздің құрметіне іс-шаралар жасап, ұлттық идеологияны жаңғырту жұмыстарын атқарып жүрміз, – деді ардагер ұстаз.

Ардагерлер басқосыында қатысушылар кеңес басшылығына наразылықтарын да жеткізді. Айтуларынша,

Алматы, Астана қалаларында ардагерлерге көп жеңілдік қарастырылған. Кей қалаларда сәуір айынан бастап ардагерлерге қоғамдық көліктерде тегін жүру мүмкіндігі берілмек. «Мұнайға бай өңірде қарттарға жәрдем берілмеуі – ұят» дейді, қала ардагерлері.

Пленумда қалалық ардагерлер

шаралар жасау,соның нәтижесінде еш ардагерді қамқорлықтан тыс қалдырмау міндеттелсін,-деді ол.

Пленум соңында бұған дейін төраға қызметін атқарып келген Сұлтанбек Тәуіпбаевтың басқа жұмысқа ауысуына байланысты кеңес төрағасы міндетінен босатылды.



кеңесі төрағасының орынбасары Күләй Сағындыққызы ұсыныс жасады.

– Қызылорда қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбаевтың 2023 жылы атқарылған жұмыстар жайлы баяндамасын тыңдап, талқылап, баяндамада айтылған пікірлер мен ұсыныстар мақұлданысн және қалалық ардагерлер кеңесінің жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын. Қалалық бастауыш ұйымдардың төрағаларына жергілікті органдар мен мемлекеттік ұйымдармен тығыз байланыста болып, бірлесіп, іс-

Оның орнына қоғам қайраткері Шакизат Төребаевтың кандидатурасы ұсынылып, пленум мүшелері бірауыздан қолдады.

Пленум отырысына қатысқан қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев және облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев ұйымның жаңадан сайланған төрағасы Шакизат Хамитұлына сәттілік тілеп, Сұлтанбек Тәуіпбаевтың осы кезге дейін атқарған қызметіне ризашылықтарын білдірді.

Мұхаммедшах МАРАТҰЛЫ

## ДІН ТҮСІНДІРІЛДІ

Қызылорда облысының дін істері басқармасы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Дін істері комитетінің тапсырысымен 2024 жылғы 27-28 наурыз аралығында Ә.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының мәжіліс залында дін мәселелері жөніндегі ақпараттық-түсіндіру топтарының мүшелеріне және «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні мұғалімдеріне арналған 2 күндік «Дін мәселелері бойынша білікті мамандар даярлау» оқыту семинарын ұйымдастыруда.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитетінің әлеуметтік жобасы аясында «Рухани жаңғыру» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткізілген бұл шараға облыстық дін істері басқармасының қызметкерлері, Дін мәселелерін зерттеу орталығының теолог, психолог мамандары, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Қызылорда облысындағы өкілдігінің діни қызметкерлері, ұстаздар мен имамдар, жергілікті атқарушы органдардың, қала және аудан әкімдіктерінің қызметкерлері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, орта мектептердегі «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні мұғалімдері, мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қатысты.

Жобада АТТ мүшелерінің кәсіби даярлығын шыңдау мақсатында халық арасында түсіндіру шараларын ұйымдастырудың әдістері, мақсатты топтармен коммуникациялық байланыс, шешендік өнер, көпшілік ортада сөз сөйлеудің тәсілдері және т.б. бағытта семинарлар өткізу көзделген.

Оқыту семинарының спикерлері дін мәселелері бойынша республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері Мырзаев Балғабек Әбдіқайымұлы және Талдыбаев Төлеген Өмірзақұлы дін мәселелері бойынша дәрістер жүргізді.

Астана қаласынан келген спикер Б.Мырзаев «Дін мен дәстүр құндылықтарының қоғам тұтастығындағы орны» тақырыбы аясында тыңдаушыларға деструктивті діни ағымдардың қоғамға қаупі, неке және отбасы институтына, адам денсаулығына қатері туралы айтып өтті. Сондай-ақ, «Діни сенім бостандығының құқықтық аспектілері мен негізгі бағыттары туралы» тақырыбында зайырлы мемлекет ұғымы, құқықтық негіздері туралы сөз қозғайды.

Алматы қаласынан келген спикер Т.Талдыбаев «Әлеуметтік желіде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізудің маңыздылығы» тақырыбымен қатысушыларға қазіргі ғаламтор арқылы жас өркеннің бойына тәрбиелік мәні зор дүниелерді сіңіре білу мүмкіндігін қамтамасыз ету, қазіргі уақытта жамағатпен байланысты әлеуметтік желі арқылы орнатуың маңыздылығы түсіндірілді. Сондай-ақ, «Әлеуметтік желінің алгоритмдерін меңгеру және тиімді түсіндіру жұмыстарын жүргізу» тақырыбында қатысушыларға әлеуметтік желіде жергілікті паракшаны жүргізу әдістерін үйретті.

Сонымен қатар, семинар барысында қатысушылар тарапынан дәріскерлерге сұрақтар қойылып, тұжырымды жауаптар алынды.

## Семинар сабағы өткізілді

Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен сот ісін электронды форматта жүргізу және соттардағы архив жұмысының мәселелері бойынша семинар сабағы өткізілді.



Семинарға департамент басшысының орынбасары Е.Берібаев, бөлім басшылары, аудандық және оған теңестірілген соттардың әкімшілерінің басшылары, бас маман-сот отырысының хатшылары, архив жұмысына жауапты мамандар қатысты.

Е.Берібаев семинар сабағын ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, көтеріліп отырған мәселелердің өзектілігіне тоқталды.

Семинарда құжат айналымы бөлімінің бас маманы А.Шадаева 2022-2023 жылдардың аралығында аудандық және оған теңестірілген соттардың архив жұмысын тексеру барысына тоқталып, туындаған кейбір мәселелерді атап өтті.

Байқоңыр қалалық сотының және Арал, Жанакорған аудандық соттарының архив жұмысына жауапты мамандары істер мен құжаттарды архивке қабылдау бойынша атқарылған жұмыстарды бейнебайланыс құралы арқылы баяндады.

Семинар соңында қатысушылар өзара пікір алмасты.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

## Дауылкөл ауылдық округі әкімінің 2024 жылдың II - тоқсанындағы азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау КЕСТЕСІ

| Орталық атқарушы органның атауы                                              | Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж | Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж. лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік органдардың орналасқан жері    | Байланыс телефоны |
|------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------|----------------------------------------------------------|--------------------------------------|--------------------------------------------|-------------------|
| «Дауылкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Алдамұратов Мұрат Жұмаділұлы                   | Ауыл әкімі                                               | сәрсенбі күні сағат: 15.00-18.00     | Тұрмағамбет ауылы, Ешнияз сал көшесі,57 үй | 2-51-23           |
| Дауылкөл ауылдық округі әкімі аппаратының сенім телефоны: 2-51-23            |                                                |                                                          |                                      |                                            |                   |

# БЕН ЛАДЕН ҚАЙДА ЖҮР?

Бүгінде Бен Ладен Қызылорда қаласында тұрады. 22 жасты толтырып, бозбала шағын бастан өткеріп жүр. Кішкентайынан алғыр да зерек болған ол туған ауылындағы №143 мектепті ойдағыдай тәмамдаған. Әрдайым ізінен ерген інісі мен қарындасына қамқор. Қолы қалт етсе сабағына зейін қойып, мұғалімнің үйге берген тапсырмасын да мұқият орындайтын болған.

Балғын кезінен елгезек, тілалғыш болып өскен оның тәтті қылықтарын анасы ерекше сезіммен еске алады.

- «Бен Ладен кішкентайынан өте сүйкімді, ақылды болып өсті. Әрдайым бізге қолғабыс жасап, көмектесіп жүретін. Өзінің ерекше есімді еншілегенін есейе келе түсінді. Бірақ оған өкпелеген жоқ. Есесіне өзіне есімді ұнайтынын жиі айтатын. Бала кезінен зеректігін танытты. Осы күнге дейін ешқандай жаман қылығын көрсеткен емес. Мектеп қабырғасын жақсы бітіріп, әскери борышын абыроймен өтеп келді. Одан әрі білімін жетілдіру мақсатында жоғары оқу орнына түсті. Баламыздың болашағынан зор үміт күтетініміз. Сенімімізді ақтады», - дейді анасы Айгүл Сейілханова.

Анасы әлемді дүрліктірген оқиға орын алған уақытта аяғы ауыр болғанын айтады. Күйеуі сол кезде болашақ сәбиінің есімін Бен Ладен деп қоюға шешім қабылдапты. Алғашында ұлына өзге елдің есімін беруге қарсылық танытады. Бірақ уақыт өте келе келісімін береді.

- «Ұлымызға өзгеше есімді беру аяқ асты қабылданған шешім емес. АҚШ-та орын алған оқиғадан кейін жолдасым әлем жұртшылығының

назарын аудартаң ұйым көшбасшысының есімін болашақ сәбиіне қойғысы келетінін айтты. Сәбиіміздің өзге елдің есімін иемленгенін алғашында қаламадым. Бірақ күйеуімнің шешіміне қарсы келе алмадым. Осылайша әкесі Бауыржанның тілегі қабыл болып, өмірге Бен Ладен есімді торсықтай ұлымыз келді. Қазіргі уақытта баламыздың өзге елдің есімін арқалап жүргеніне еш өкінбейміз. Есесіне бұл есім бізге қатты ұнайды», - деп еске алады анасы.

Кішкентайынан Бен Ладеннің сабаққа деген ынтасымен қатар, спортқа деген қызығушылығы да асқақ болады. Арманы жарқын болашаққа жетелеп қаратә секциясына да қатысады. Оның әрбірі жетістігі мен жеңісі әкесі мен анасын бақытқа кенелткен сәттері аз емес.

Бен Ладен бала кезінен әскери салада қызмет етіп, білікті маман иесі болуды алдына мақсат етіпті. Анасы мен әкесіне де әскери қызметкер болғысы келетінін жиі айтып отыратын болған.

Бүгінде талапты жастың арманы ақиқатқа айналған. Отан алдындағы азаматтық борышын абыроймен атқарып келгесін жоғары оқу орнында заң мамандығы бойынша оқу түсіпті. Қазіргі таңда университетте білімін жетілдірумен қатар, әскери салада қызмет атқаруға мүмкіндік алыпты.

Бен Ладен «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» деген қағиданы өмірлік ұстанымына айналдырған. Әр адамның жан дүниесінде бала кезінен тамыр жайған асқақ арманы болады. Сол арман-мақсатына жету жолында таудай талап пен еселі еңбек қажет деп есептейді.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЕВ

Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 2024 жылдың 26 наурызындағы № 23 - Ө бұйрығына қосымша.

## Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті басшысының 2024 жылдың II тоқсанына арналған жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау К Е С Т Е С І

| Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушының аты, жөні | Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушының лауазымы | Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы          | Байланыс телефоны  |
|----------------------------------------------------|---------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|-------------------------------------------|--------------------|
| Құдайбергенов Ринат Мәжитұлы                       | департамент басшысы                               | сейсенбі, бейсенбі 16-00 ден 17-00 ге дейін         | Байқоңыр қаласы, Совет Армия көшесі,11 үй | 8 /336 22/ 7-64-11 |

### СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» (Мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік әдеп қанымдары) және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 –V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы Министрілігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде **8(33622)7-63-22** нөмірлі «Сенім телефоны» күнделікті жұмыс уақытында (9-00 ден 18-30 дейін, үзіліс 13-00 ден 14-30 дейін) жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

“Табиғи монополиялар туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес, ШДЖҚ “Қызылорда су жүйесі” МКҚ-ны “Тұтынушылар мен өзге де тұлғалар алдында 2023 жылдың қорытындылары бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерді”, кәсіпорын 2024 жылдың сәуір айының 17-ші жұлдызында, Желтоқсан көшесі №156, кәсіпорынның 2-кабатында сағат 11-00 өткізілетінін хабарлайды.

## 2024 жылғы II тоқсанда Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ

| № | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты) | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы                                                          | Жеке қабылдау күні мен уақыты                | Қабылдау мерзімі |
|---|--------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|------------------|
| 1 | Дүйсенбиева Бибисия Аманжолқызы                              | "Жалағаш ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы | Сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін | Апта сайын       |

**ТАРАЛЫМЫ:** 4000  
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.  
**Мекен-жайы:** Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49  
**Таралу аумағы:** Қазақстан Республикасы  
**Тапсырыс**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.  
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.  
Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.  
Сурет сапасына редакция жауап бермейді

**МЕНШІК ИЕСІ:**  
**«Желтоқсан и К» ЖШС**

**Бас редактор**  
Сәрсенкүл Бәйдешқызы  
БИҚОЖАЕВА

**Бас редактордың орынбасары**  
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

**Редакцияның мекен-жайы:**

Қызылорда қаласы  
Абай даңғылы, 59/1

**Телефон:** 23-16-08  
23-16-11

(E-mail: a\_akshamy@mail.ru)  
Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп  
№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген.  
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі  
№1026-Г - 11.01.2000 ж  
Газет аптасына бір рет жарық көреді

## ҮСТЕЛДЕ ТЕННИС ОЙНАЙМЫЗ...

Қызылорда қаласындағы Сырдарияның сол жағалауында үстел теннисі орталығының іргетасын қалау рәсімі өтті. Салтанатты шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, игі тілегін білдірді.

– «Биыл Ұлыстың ұлы күні Наурызнама онкүндігі аясында атап өтілуде. Бұл онкүндік төл мерекемізді тойлаудың жаңа дәстүрлерін қалыптастыруға, ең жақсы адами қасиеттерді – қайырымдылықты, адалдықты пен мейірімділікті насихаттауға бағытталған. Елдік пен ынтымаққа шақыратын мерекеге Сыр өңірі баянды бастамалар, жақсы жетістіктермен жетті. Наурызнама онкүндігінде 20 наурыз - Ұлттық спорт күні болып белгіленген. Осы атаулы күнге орай құны 2,7 млрд теңге болатын үстел теннисі орталығының іргетасы қалануда. Облыста бұқаралық спортпен шұғылданатындардың үлесі 39 пайызға, яғни, 328 597 адамға жетті. Халықты бұқаралық спортпен шұғылдануға ынталандыру үшін

талапқа сай спорт нысандары қолжетімді болуы керек. Аудандарда 11 дене шынықтыру көшені салынды. Облыс орталығында халықаралық стандарттарға сай

келетін орталық стадион және жабық бассейні бар көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру көшені ел игілігіне табысталады. Осы спорт нысандарында еліміздің



Соңғы жылдары Қызылорда облысында құрылыс қарқынды жүруде. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында «Шығармашылық академиясы» және Жаңақорған, Шиелі аудандарында Оқушылар үйі мен Өнер мектептері салынады. Сырдария өзенінің сол жағалауынан жаңа өлкетану музейі бой көтереді. Биыл 7 ауданда неке қию залы, кітапхана, музей, архив, Жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйін біріктіретін «Руханият» орталықтарының құрылысы басталды. Қызылорда қаласында бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталып, Қан орталығы пайдалануға беріледі. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде өткен жылы 15 жаңа дәрігерлік амбулатория, 1 медициналық бекет ел игілігіне табысталды. Қазір 30 мыңнан астам ауыл халқына қалтқысыз қызмет көрсетуде. Сол жағалаудағы заманауи үлгідегі автовокзал пайдалануға беруге жақын. Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы да осы жылы қолданысқа берілетін нысандар қатарында.

## “ҚҰС ФАБРИКАСЫ” БАР ҚАРМАҚШЫ

Қармақшы ауданында «Өз-Наурыз – игіліктер бастауы» атты мерекелік шара өтті. Жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты.

Жосалы кентінің орталық алаңында ұлттық колөнер бұйымдары көрмесі, ұлттық ойындардан сайыстар ұйымдас-

шысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде биыл 10 мектеп ел игілігіне табысталады. Тағы 11 мектептің құрылысы басталады. Соның ішінде 2 жайлы мектеп Қармақшы ауданында салынады. Облыс орталығында «Шығармашылық



тырылды. Салт-дәстүрлердің тағылымы суреттелген қойылымдар көрсетілді. Ис-шара қонақтары бүлдіршіндердің тұсауын кесіп, игі тілек айтты.

Аймақ басшысы жиналған қауымды, ауыл тұрғындарын Наурыз мерекесімен құттықтап, атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– «Сұлу Сырдың жағасы күн санап

академиясы», екі ауданда Оқушылар үйі мен Өнер мектептерінің құрылысы жүргізіледі. Қызылорда қаласында 36 млрд. 400 млн. теңгеге 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Құны 2 млрд. 900 млн. теңгені құрайтын Қан орталығы

Соңғы жылдары Қармақшы ауданында қарқынды жұмыстар жүзеге асуда. Индустрияландыру бағдарламасы аясында Ақтөбе ауылында «Қармақшы құс» фабрикасы іске қосылды. Жосалы кентінде «АНК-Дәулет» серіктестігі газоблоктар өндіретін зауыт құрылысын бастады. «Ақай», Дүр Оңғар және «ІІІ Интернационал» ауылдарында 1,3 млрд. теңгеге дене-шынықтыру көшендерінің құрылысы жүргізілуде. Биыл Жосалы кентіндегі жаңадан ашылған «Тәуелсіздік» ықшам ауданына газ желілері жеткізіледі. Төретам кенті мен «Ақай» ауылы жақын күндері «көгілдір отынға» қосылады. Сондай-ақ, Дүр Оңғар ауылына баратын газ желісінің құрылысы басталады. Осылайша, айналасындағы ауылдарды газға қосуға мүмкіндік туады.

көркейіп, ажарын айшықтайтын зәулім ғимараттар, тұрғын үйлер бой көтеруде. Мереке қарсаңында 220-ға жуық отбасы жаңа баспанаға ие болды. Мемлекет бас-

Медицина қызметкерлері күні қарсаңында пайдалануға беріледі. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өткен жылы елді мекендерде 16 дәрігерлік амбулатория ел игілігіне табысталды. Соның үшеуі осы ауданның Тұрмағамбет, «Ақжар», Дүр Оңғар ауылдарында салынды. Қазір жаңа медициналық нысандарға 7 мыңнан астам тұрғын тіркелген. Биыл дәл осындай 11 нысанның құрылысы жалғасып, Қармақшы және Қуандария ауылдарында 2 фильмдерлік-акушерлік бекет салынып, жыл соңына дейін ел игілігіне табысталады», - деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Мерекелік жиында Қармақшы ауданының дамуына үлес қосқан белсенді азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, қоғам қайраткерлері Бақберген Досманбетов, Бекмырза Еламанов сөз сөйледі.



көк байрағын әлемдік жарыстарда желбірететін чемпиондарымыз тәрбиеленіп, түпел ұша берсін!», - деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Үстел теннисі орталығының бас мердігері - «СК Дәнекер» ЖШС, бас жобалаушысы - «Шынар Проект және Компания» ЖШС, техникалық қадағалаушы - «Нұрәлем Құрылыс» ЖШС. Орталық 2025 жылы пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Жиында спорт саласының ардагері Жақсыбек Егізбаев Сыр спортының жетістіктері мен жеңістері көп болуына тілектестігін білдірді.



## БЕСАРЫҚ БАСТАДЫ

Сырдария ауданындағы Бесарық ауылында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Өз-Наурыз – игіліктер бастауы» атты мерекелік шара өтті. Жиынға ауыл тұрғындары, аймақ ардагерлері қатысты.

Аймақ басшысы жиналған қауымды, ауыл тұрғындарын Наурыз мерекесімен құттықтап, атқарылған жұмыстарға тоқталды.

арқасында айтулы жетістіктер, толайым табыстармен жетті. Мерейлі мейрам аясында төтенше жағдайлар қызметіне өрт сөндіру автокөліктері, тұрғындарға жаңа баспаналардың кілті табысталып, бірқатар елді мекендер «көгілдір отынға» қосылды. «Үстел теннисі орталығының» да іргетасы қалануда. Өздеріңізбен бірге

шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталды. Халықтың қуанышын еселейтін мақсатты бастамаларымызға жеке инвесторлар да қолдау көрсетті. Инвесторлар қолдауымен 37 млрд. 600 млн. теңгенің жобалары іске асуда. Сырдария ауданы да серпінді өзгерістердің ордасына айналды. Биылғы аудан бюджеті



Биыл Сырдарияда 1,7 млрд. теңгеге жолдар жөнделіп, жаңа шағын аудандарға инфрақұрылым жеткізілуде. «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері», «Ауыл – ел бесігі» бағдарламалары аясында Қоғалыкөл, Шаған ауылдарында су құбырлары жаңартылса, Тереңөзек кентінде құрылыс жұмыстары қарқын алды. Сондай-ақ, Аманкелді елді мекенінің су құбырларын жаңғырту басталады. Өткен жылы Қалжан ахун ауылы табиғи газға қосылды. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен Тереңөзек кентінде 1 мектептің құрылысы басталады. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде Аманкелді ауылындағы дәрігерлік амбулатория 103 млн. теңгеге күрделі жөндеуден өткізілуде. Биыл Бесарық ауылында спорт көшені пайдалануға беріледі. С.Сейфуллин, А.Тоқмағамбетов елді мекендеріне газ құбыры тартылуда. Бұл жұмыс жыл соңына дейін аяқталып, Шаған ауылын газдандыру басталмақ.

– «Баршаңызды ырыс пен ынтымақтың, бірлік пен берекенің, жақсы істердің бастауы - Ұлыстың ұлы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Биылғы Наурызға Сыр елі Мемлекет басшысының ерекше қамқорлығының, қолдауының

атқарған ортақ ісіміз өңірдің өсіп-өркендеуіне бағытталады. Бұл – сіздердің адал еңбектеріңіздің, тынымсыз тірліктеріңіздің жемісі. Облыстың биылғы бюджеті 650 млрд. теңге болып бекітілді. Бұл қаражат өзекті мәселелерді

11 млрд. теңгеден асты. Елдігімізді нығайтып, тұрмысқа тың серпін беретін байынты бастамаларымыз бен жобаларымыз жалғасын табады. Ұлыстың ұлы күнінде тілеген игі тілектеріңіз қабыл болып, істеріңіз жемісті, еліміз тыныш, Тәуелсіздігіміз мәңгі болғай!», - деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Мерекелік жиында Сырдария ауданының дамуына үлес қосқан белсенді азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, Сырдария және Қармақшы аудандарының Құрметті азаматы, еңбек ардагері Жұраш Бодықбаев сөз сөйледі. Сонымен қатар қазақтың дәстүріне сай «Ат қою», «Тұсау-кесер», «Селтеткізер» рәсімдері өткізіліп, мерекелік концерт ұйымдастырылды.

## 80 ОТБАСЫНЫҢ ҚУАНЫШЫ

Қызылордада Наурыз мейрамы қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Жаппасбай батыр көшесіндегі көпқабатты үйден 80 отбасыға пәтер кілтін табыстау рәсімі өтті. Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.

– «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Мемлекетшім мұқтаждадамдарға ғана жәрдем береді», – деп атап өткен болатын. Халықты баспанамен қамту еліміздегі негізгі басымдықтың бірі десек, өңірде бұл бағытта тындырымды тірлік атқарылуда. Өткен жылы 4 108 пәтерлік 300 тұрғын үй салынды, 2400-ге жуық пәтер табысталып, 11 мыңнан астам тұрғынның баспана мәселесі шешімін тапты. Халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруы, жайлы өмірінің

қабатты болады. Жыл басынан бері Тасбөгет кентінде 172 отбасы баспаналы болды. Енді тағы да 80 отбасы қоныс тойын тойлайды. Алдағы аптада «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотечкалық несие бағдарламасымен тағы да 60 отбасына үй кілті табысталады. Бұл – тұрғындар әл-ауқатын арттыру бағытындағы мемлекет қолдауының нақты көрінісі», – деді аймақ басшысы.

Рәсімде пәтер кілтін алған Арайлым Тілеубай қоныстой иелері атынан қуанышын жеткізіп, мемлекет және қоғам қайраткері Бақберген Досманбетов



кеңілі болып саналатын баспанамен қамту жұмыстары биыл да қарқынды жүруде. Бюджет қаражаты есебінен 14,3 млрд. теңгеге 1890 пәтерлік 70 тұрғын үй салынады. Оның 16-сы жеті

ақ батасын берді. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан кент тұрғындары мен құрылысты сапалы салуға атсалысқан мердігер мекеме қызметкерлері марапатталды.

# ҚАНША АҒАШ ЕГІЛДІ ЕКЕН?..



Елімізде енгізілген Наурызнама онкүндігінің қорытынды күні - Тазару күні аясында қаламызда тал егу акциялары ұйымдастырылды. Жаңару мен тазарудың жаршысына айналған аталмыш дәстүр қаладағы саябақтарда өтті.

Денсаулық және демалыс саябағында өткен шараға **қала әкімі**, ардагерлер, түрлі мекемелердің ұжымдары және ерікті жастар белсенді қатысып, 1000-нан аса көшет отырғызды.



**Қармақшы ауданындағы** Жастар саябағында өткізілген ағаш отырғызу акциясына аудан әкімі Жандос Еркінбек, аудандық мәслихат төрағасы Әділ Қошалақов, ардагерлер мен аудан тұрғындары қатысты.

Табиғат тазалығын сақтауды үндеген акцияда жиналған жұртшылық жұмыла ағаш отырғызып, ардагерлер бата беріп, ізгі тілектерін білдірді.

**Жалағаш ауданы** бойынша «Тазару күнінде» аудан әкімі Ардақ Ибраимов Жалағаш кентінің аумағын қоқыстан тазарту жұмыстарымен танысып, сала бойынша жауапты басшыларға тиісті тапсырмалар берді.

Барлық мекеме ұжымы белінген аумақтарды, көшелерді, жол жиегіндегі арықтарды күл-қоқыстан арылтып, тазалық жұмыстарының қарқын алуына өз үлестерін қосты.

Жалағаш кенті және ауылдық округтерде ұйымдастырылған жаппай сенбілік жұмыстарына аудан бойынша 142 мекемеден 1450-ге жуық адам қатысып, 12 техника жұмылдырылды.

Жабайы шөптер шабылып, қураған талдар кесіліп, аяқ су жүретін арықтар қураған жапырақтардан тазартылып, 13,5 тоннаға жуық күл-қоқыстар белгіленген орындарға шығарылған.

Тазару күніне орай **Сырдария ауданында** жаппай сенбілік ұйымдастырылды. Сенбілік барысында көшеттер егіліп, су жолдары тазартылды, күл-қоқыстар шығарылды.

**Жаңақорғандықтар** сенбілік мақсаты - қоғамның тазалықты сақтауға деген көзқарасымен өзгерту, табиғатты аялау, тұрғындарға қоршаған ортаны қорғау және оны ластамау мәдениетін қалыптастыру депті.



Шиелі ауданындағы жаппай сенбілікте аудан әкімі Нұржан Ахатов та ақ ниетпен көшет екті



Барша **қазалылықтар** ауданның барлық аумағында тазалық жұмыстарын жүргізіп, аудан орталығындағы Теміржол вокзалы алдындағы саябақта аудандық Әйелдер және Аналар кеңесінің мүшелері Тазару күніне орай ағаш көшеттерін отырғызды. Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет те ағаш егу рәсіміне қатысып, экологиялық науқанға атсалысты. Сондай-ақ аналармен пікірлесіп, бұл күн азаматтарға қоршаған ортаны қорғауға, қоғамда экологиялық мәдениетті дамытуға үлкен мүмкіндік беретінін жеткізді.

Мұнан соң Әйтеке би кенті мен шет аймақтарда өткен тазалық жұмыстарын аралады.

Жалпы ауданда өткен сенбілікке 147 мекеме, кәсіпорындардағы 2982 қызметкер өз үлестерін қосты. 41 техникалар жұмылдырылып, нәтижесінде 39,2 тонна тұрмыстық қатты қалдықтар арнайы орынға шығарылды.

## ҰМЫТЫЛА БАСТАҒАН ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

Қазақтың салт-дәстүрі тұтас ғылым десек те болады. Қазақ нары деген ұлын, ары деген қызын дәстүрмен әдет-ғұрып арқылы ұтымды тәрбиелей білген өл. Қай халықты алсақ та, өзіне тән тұрмыс тіршілігі, күн көрісі, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері бар. Салт-дәстүр халықпен бірге жасасып, тарихында өшпес із қалдырады. Бірақ ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрлеріміз де жетерлік.

### СҮЙЕК ЖАНҒЫРТУ

Егер құдалар қайтадан құда болса, құдалық ары қарай жалғасады және бұл сүйек жаңғырту деп аталады. Бұл дәстүр қыз бен жігіттің келісімімен орындалады.

### СЕЛТ ЕТКІЗЕР

Кейбір мерекелердің алдында қыздар оларға ұнайтын жігіттерге Ұйқыашар тағамын береді. Ал жігіттер жауап ретінде әшекейлер немесе жағымды нәрсе сыйлайды.

### АБЫСЫН АСЫ

Бұрын күйеулерінің рұқсатынсыз әйелдер көңіл көтеруге бара алмайтын. Ер адамдар тойға аттанғанда, айтта ауылда тек әйелдер қалады. Ол кезде олар өздеріне мереке жасайтын: дәмді ет пісіріп, самаурын қойып, ән айтып, қалжындасады. Бұл қазақ әйелдерінің бірлігі мен достығының көрінісі. «Абысын асы» әйелдерді біріктіреді және жақындастырады.

### АСАТУ

Әдетте ақсақалдар өз қолымен табактан ас алып, балаларға береді. Бұрын балалар қонақтардың тамақтанып болғанын күтетін. Жазушы Сәбит Мұқанов бұл дәстүрді өз шығармаларында кеңінен насихаттайды.

### БОСАҒА МАЙЛАУ

Жас жұбайлар үйленген кезде немесе біреу жаңа үйге көшкен кезде, туыстары табалдырыққа май жағады. Үйде береке болсын деген ниетпен істеледі. Бұл дәстүрді орындағандарға үй иелері сыйлық береді.

### ҚАЛАУ АЙТУ

Ұнаған жақсы жылқы немесе қандай да бір затты «Қалау айту» арқылы алуға болады. Үйге келгенде,

өз қалауы туралы айту керек, бірақ алдымен үй иесіне, немесе оның балаларына жақсы сыйлық жасауы керек.

### АУНАТУ

Қазақтар қонақ отырған және түнеген жерге өз балаларын отырғызған. Сенім бойынша балаға бұл адамның дарындылық генінің бөлігі өтеді. Сонымен қатар «туған жерге аунату» дәстүрі де бар. Бұл — туған жерінен ұзақ уақыт бойы алыс тұрған адам отанына оралғаннан кейін жасалатын.

### АЖЫРАСУ КӨЖЕ

Бұл көшу алдында дастархан жаю дегенді білдіреді. Осылайша адамдар туғандары мен көршілерімен қоштасады. Өйткені үнсіз көшіп кету тәрбиесіздіктің көрінісі.

### БӨСІРЕ

Баланың дүниеге келуі малдың төлдеуімен сәйкес келгенде, балаға жаңа туған құлын, қозы немесе лақ сыйлаған. Бұл оның кішкентайдың бірінші заңды меншігі болып саналатын. Бәсіре ешқандай жағдайда сатылмайтын.

Сан қилы өмір үдерісінің желкенінен шықпай бізге жеткен, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан салт-сана, әдет-ғұрыптарымыздың көбісі бүгінгі таңда ұмыт болып, тіпті кейбіреуі жоғалуға да айналды. Ұлт мұрасына, ұлт мәдениетіне даңғыл жол ашылып, жаңа мәдениет құрудың ұлы жорығы ел болып, шеру тартып отырған тұста ұлттық салт-сана, әдет-ғұрыпты жинау, зерттеу, саралау кедерге жарату әрбір есті адамзаттың борышы саналады. Халқымыздың өткені мен бүгініне ой көзімен қарасақ, салт-дәстүрдің кейбірінің бүгінгі мына дәуірде арамыздан ізі кете бастағандығы шындық.

Динара ЖУМАДИЛ

## ТАЛҒАМЫ БИІК ТАЛАПТЫ ҚЫЗ

Қызылордалық Нұрай Өмірзақова кішкентайынан ерекше қабілетімен елді таңғалдырды. Мектеп қабырғасында жүрген кезден ақын-жазушыларымыздың шығармаларын оқуға ынталы болған ол 400-ден астам өлеңдерді жатқа айтып, зеректігімен дараланды.

Қызылорда облысына қарасты Арал ауданы, Бөген ауылының тумасы ерте жасынан білімге құштар болып өседі.

Саббақтан тыс уақытында өзге қатарластарындай телефонға телміріп отырмай, әдеби кітаптарды жиі оқып, зейінін аша түседі. Әсіресе, талапты қыздың есте сақтау қабілеті көпті таңғалдырды. Бір оқып шыққан шығармасын лезде жатқа айта алады екен. Небәрі 3-ші сынып оқып жүрген кезінде «Абай жолы» эпопеясын толық оқып шыққан.

Қызылорда қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде зейінін ашқан ол Ұлы Абайдың құнды шығармаларын жадына тоқып алған. Бұдан өзге Мұхтар Шаханов, Мағжан Жұмабаев, Махамбет Өтемісұлы, Қалқаман Сарин сынды ақындардың поэмаларын жатқа біледі. Әлем әдебиетінен де кенде емес.

- «Адамның өмірлік қасиеттері, дағдылары бала кезінде қалыптасады деп жатады ғой. Кішкене кезімде ата-анам, ұстаздарым жан-жақты болсын деп бойыма сіңірген дағдылары әлі күнге дейін өз көмегін тигізіп жатыр. Қазіргі уақытта Абайдың 170-ке жуық өлеңін, 15-тен астам қара сөзін, 2 поэмасын, Шәкәрімнің 2 поэмасын және 50-ге жуық өлеңін, Мұқағали Мақатаевтың 30-ға жуық өлеңдерін білемін. Бұдан өзге Ілияс Есенберлин, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатұлы, Ғабит Мүсірепов, Мұхтар Шаханов, Әзілхан Нұршайықов, Шерхан Мұртазаның шығармаларын түгел оқып шықтым. Шетелдік әдебиет жауһарларына да қызығушылығым зор. Осы кезге дейін Э.Ремарк, П.Козьмо, С.Кинг, Дж. Оруэлл, Т.Драйзер шығармаларын, орыс әдебиетінен Ф.Достоевский,

Н.Гоголь сынды қаламгерлердің кітаптарын оқимын. Сонымен бірге Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың мемуарлы автобиографиясы ерекше ұнайды», - деп ағынан жарылды ол.

Қазіргі таңда Нұрай Астана қаласындағы медициналық университетте «Жалпы Медицина» факультетінде ағылшын тілінде білім алып жүр. Келешекте білікті дәрігер атанып, сырқат жандарға шипасын тигізсем деп

Ұлы ақынның өлеңінің осы үзіндісі - өмірлік ұстанымым», - дейді Нұрай.

Талапты қыз кітап оқумен қатар, тіл үйренуге де баса мән беріп жүргенін айтады. Бүгінде орыс, ағылшын, неміс тілдерін еркін меңгеріпті. Енді қытай тілін үйреніп жүр. Одан бөлек музыкалық аспаптарда ойнағанды ұнатады. Соның ішінде домбыра, барабан, укулеле аспаптарында ойнайды.

Нұрайдың

анасы Жадыра Ширманова ауылдық №67 орта мектепте ұстаздық қызмет атқарады. Отбасында бес бала тәрбиелеп отыр. Нұрай - үйінің тұңғыш қызы. Анасы талабы таудай қызының болашағына зор үмітпен қарайтынын жеткізді.

- «Кішкентайынан қызым зерек болды. Кітап оқуға деген қызығушылығы білімнің биік шыңына жетеледі. Мектеп қабырғасын "Алтын белгімен" бітірді. Бүгінде Астанадағы белді оқу орнында білімін шыңдап жүр. Негізгі қызым шетелдік іргелі оқу орындарында білім алуды армандайтын.

Алайда мектеп қабырғасын бітірген уақытта елімізде коронавирус індеті өршіп тұрды. Соның салдарынан шетелге шығуға рұқсат берілмеді. Дегенмен, алдағы уақытта сол арманын ақиқатқа айналдыруды көздейді. Келешекте ғылым жолын қуып, биік белесті бағындыруды мақсат тұтып жүр. Осы орайда қызым ақындардың өлеңдерін, поэмаларын жатқа айтумен қатар, өзі де өлең жазуға ден қойып, жаңа қырынан танылып жүргенін айта кеткім келеді», - дейді анасы.

Болашағына зор үмітпен қарайтын зейінді қыз көп нәрсені армандайды. Сол арман-мақсатына жету жолында аябай еңбек ете беретінін алға тартады. Әсіресе, Қазақстанның болашағы жарқын болып, әлемнің алпауыт елдерімен терезесі теңескен сәтін көріп, сол үлкен үдерісте өз орны бар тұлға болсам деген мақсаты асқақ.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЕВ



## 100,1 МЛРД-қа САЛЫНАТЫН 139 НЫСАН

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте құрылысы салынатын нысандардағы дайындық мәселесі талқыланды.

Аймақ басшысы әлеуметтік нысандардың құрылысын сапалы жүргізіп, мерзімінде аяқтау өте маңызды екенін ескертті.

– «Соңғы жылдары аймағымыз қарқынды құрылыс алаңына айналып, республика бойынша алдыңғы қатарға тұрақтадық. Биыл 139 нысан салуға 100,1 млрд. теңге бөлінді. Қаражат жыл аяғына дейін едәуір көбейетін болады. Құрылысшылар кемшіліктерге жол бермей, асқан жауапкершілік танытуларыңыз қажет деп есептеймін. Қызылорда қаласы және аудан әкімдері, тиісті басқарма басшылары облыс аумағындағы барлық құрылыс нысандарын тұрақты бақылауға алыңыздар», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жыында жоспарланған және құрылысы басталған нысандар бойынша атқарылған жұмыстар қаралып, тиісті тапсырмалар берілді. Қала, аудан әкімдері мен жауапты басқарма басшылары баяндама жасады.


Талқылаудан соң облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасына Арал және Қазалы аудандарындағы «Руханият орталықтарының» құрылысын 1 сәуірге дейін, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынатын 11 дәрігерлік нысанның құрылысын 15 мамырға дейін бастау тапсырылды. Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандары әкімдері спорт кешендері құрылысын 30 сәуірге дейін толық аяқтауды ұйымдастыруы керек. Облыстық бақылау жөніндегі басқармасы құрылыс сапасына қатаң бақылау орнатып, кемшіліктердің алдын алуға жауапты болмақ.

Мәжіліс соңында облыс әкімі барлық жауапты сала басшыларына нысандардың құжатын әзірлеуден бастап, салалық нормативтерге сәйкестігін алдын-ала бақылау қажеттігін қатаң ескертті.

## КІРІП-ШЫҒУ ҚИЫН БОЛМАЙДЫ

ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр РФ Үкімет төрағасының орынбасары- Өнеркәсіп және Сауда министрі Денис Мантуровпен кездесті.

Кездесуде “Байқоңыр” кешенінің негізгі мәселелері талқыланды. Тараптар “Бәйтерек” бірлескен ғарыш- зымыран кешенін құру жөніндегі жобаны іске асыру



барысына ерекше назар аударды. Жоба бұрын қол жеткізілген уағдаластықтар мен жасалған келісім-шарттарға сәйкес жүзеге асырылатынын атап өтті. Кездесуде жобаны іске асыруды жалғастыру бойынша одан әрі бірлескен іс-қимылдар тәртібі келісілді.

Бұл жобада қазақстандық тарап жерүсті инфрақұрылымын құруға және “Бәйтерек” ғарыш- зымыран кешенін жаңғыртуға жауапты.

Сондай-ақ, тараптар екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін және Байқоңыр қаласының даму перспективаларын талқылады. Атап айтқанда, ҚР азаматтарына Байқоңыр қаласына кіруге және шығуға рұқсат беру құжаттарын электронды рәсімдеу мәселесі талқыланды.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар “Байқоңыр” кешені инфрақұрылымының әлеуметтік-мәдени әлеуетін тиімді пайдалану және дамыту үшін өзара іс-қимыл жасауға келісті.

## ЖУА НЕГЕ АРЗАНДАМАДЫ?

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен арнайы мәжілісте азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі қаралды.

Аймақ басшысы әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің халыққа арзан бағамен ұсынылып, уақытылы сатылуы керектігін қатаң ескертті.

– «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Қауіпсіздік кеңесінің отырысында халықты қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз етуді қатаң тапсырды. Азық-түлік өнімдерін өндіруде, өткізуде бағаны ашық белгілеуді, өнімсіз дөлдалдармен күресуді атап өтті. Осы орайда, Үкімет барлық өңірлердің халық санын ескеріп, маусымаралық кезеңдегі көкөніс өнімдерінің нақты көлемін бекітті. Біздің өңірдің тұрақтандыру қорына 5 мың тоннаға жуық өнім көлемі белгіленіп, сатып алынды. Бұл халықтың қысқы-көктемгі қажеттілігін қамтамасыз етуге есептелген. Алайда, бүгінгі күнге небәрі 8 пайызы ғана өткізілген, сатылғаны 384 тонна. Ел үшін алынған тауар жұртшылықтың тұтынуы үшін сатылуы керек, - деген өкім әлеуметтік дүкендерді азық-түлікпен қамтамасыз етуге тиісті кіші әкімдердің “Байқоңыр” ӘКК-ның басшылығымен жайбасарлығына күйіп-пісті.

- Осы жұмысты сіздерге 10 күн бұрын тапсырдым. Кеше 4-5 күн бұрын аудан әкімдеріне тағы да тапсырдым. Бақыт Дүйсенұлына 5 рет айттым. Сол жерде осы өңіменің бәрі айтылды. Базарда пияздың қымбат екені, келісі 120 теңге екендігі жөнінде, аудан орталығындағы, қаладағы, мөлтек аудандағы базарларда 30 теңгеден қойып сату керектігі, сонда

базар бағасы түсетіндігі жөнінде бәрі түсінікті етіп айтылды. Оны әлеуметтік желіде жариялау жөнінде де айтылды. Осыған дейінгі еңбектеріңіздің бәрін заяға көтіресіздер де, біз әлеуметтік желіде көтерілгеннен кейін барып, қимылдағандай боламыз. Дайын тұрған 30 теңгенің пиязын алып келіп, базарға ұйымдастырып қоймау, білмедім, түсінбедім. Айналайындар-ау, көсіпкерлерді ұйымдастырып, көлік мәселесі қиын болса 30-дан емес 35 теңгеден-ақ сатып, үстіндегі 5 теңгемен көлік шығынын шығарып алуға болады ғой. Біз қимылдамаймыз, жұмыс істемейміз. Мен айтпасам екен, білмей қалдым дейтін, тапсырма берілді ғой, - деген Нұрлыбек Машбекұлының жаны күйетіндей де бар.

Жыл басында облыс әкімі қоймадағы көкөністерді тұтынушыларға арзан бағамен сатуды тапсырған болатын. Өйткені, қордағы көкөністердің көктем жақындағанда бұзыла бастайтыны белгілі. Осының алдын алу үшін ертерек әрекет етіп, тезірек қимылдау керектігін ескерткен. Мысалы, базардағы пияз бағасы 80-120 теңге аралығында болса, оны “Байқоңыр” ӘКК арқылы барлық аудандар мен қалада 30-35 теңгеден сату міндеттелді. Алайда, бірде-бір аудан әкімі бұл тапсырманы орындамаған. Жиында аймақ басшысы «Байқоңыр» ӘКК» АҚ басқарма төрағасы Ғизат Әбілтайға, барлық жауапты басшыларға, қала, аудан әкімдеріне қатаң ескерту жасады. Бұл жұмыстар уақытылы әрі жүйелі жүзеге асқанда, ең алдымен халыққа қолайлы болатын еді. Екіншіден, базар бағасын тұрақтандыруға оң ықпал етеді.

## БАРЫС-КЕЛІС ЖАҚСАРАДЫ

Қызылорда облысы аумағында жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының ұзындығы 3580,5 шақырым. Оның 1014 шақырымы республикалық, 555 шақырымы облыстық, 2011 шақырымы аудандық маңызы бар автомобиль жолдары. Өткен жылы жол инфрақұрылымын дамытуға бюджеттен 38,5 млрд. теңге бөлініп, 671 шақырым жолдар, кешелер және көпір өткелдері жөндеуден өтті. Осылайша облыстағы жақсы жағдайдағы жол үлесі 87,5 пайызға жетті. Қазір республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға 247 шақырым жол жөндеуден өтеді деп жоспарлануда.

2022 жылдан бері «Қызылорда-Жезқазған» республикалық маңызы бар автомобиль жолының 424 шақырымы қайта жаңғыртудан өтуде. Оның Қызылорда облысына тиесілі аумағы 216 шақырым. Құрылыс-монтаждау жұмыстары 6 лотқа бөлінген. Жобаның құны 108,5 млрд. теңге. Бүгінде жолдың 104 шақырымы асфальтталды.

Күні кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазақстанда ірі автожолдар жобасын қаржыландыруға және жүзеге асыруға мүдделі Біріккен Араб Әмірліктерінен келген «Al Badie Group for Trading & Investment LLC» компаниясының өкілдерімен кездесті. Басқосуға аталған компанияның бас директорының орынба-

сары Алькамас Ясин Таха Мохамед Шитпен, Қазақстан Республика бойынша бас директордың орынбасары Наркес Бегалиева, өңірлік директор Арман Абдымананов, даму жөніндегі директор Алексей Новиков пен жауапты сала басшылары қатысты. Кездесуде Қызылорда облысы аумағындағы республикалық маңызы бар «Самара-Шымкент» автомобиль жолын жөндеу мәселесі талқыланды.

Аймақ басшысы атқарылған жұмыстарды атап өтіп, алдағы жоспарларға тоқталды.

Жол салу және оны жөндеу жұмыстары да экономиканың дамуына тың серпін береді. Мұндай шаралар кемінде 12 мың шақырым автокөлік жолын қамтиды. Соның нәтижесінде елді мекендерге көлікпен қатынау едәуір жеңілдейді. Азаматтардың барыс-келісі жанданып, бизнестің белсенділігі артады.

(Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың III отырысында сөйлеген сөзінен)

– «Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктері - ұзақ жылдар бойы ашық және сенімді қарым-қатынас орнатқан стратегиялық серіктестер. Мемлекет

## ЕГІСКЕ ТАС ТҮЙІН ДАЙЫН ОТЫР...

Мемлекет басшысы оңтүстік өңірлерге суды үнемдейтін технологияларды енгізуге баса назар аударуды тапсырды. Аймақта су үнемдейтін озық технологияны енгізу көлемі биылғы жылы 4200 гектарға жеткізіледі. Оның ішінде

және өндірушілермен жасалған келісімдер нәтижесінде бүгінгі күнге 52,8 мың тонна тыңайтқыш шаруашылықтарға жеткізілді. Бұл - қажеттіліктің 83 пайызы. Қаржысы шаруашылықтар және инвесторлар есебінен шешілді.



Күріш мелиоративтік дақыл болғандықтан, күріш атыздарында су үнемдеудің бірден-бір жолы - лазерлік тегістеу. Биыл күріш алқаптарының 70 пайызы лазермен тегістеледі. Бұл суды 20 пайызға дейін үнемдеуге және өнімділікті 30 пайызға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Су тапшылығы жағдайында егістікке суды екінші рет қайта пайдалану үшін 351 су насосы дайындалды. Кепілді өнім алудың алғашқы шарттарының бірі - тұқым және минералдық тыңайтқыштарды өз деңгейінде пайдалану. Тұқым дайындауда ешқандай мәселе жоқ, қажетті тұқыммен шаруашылықтар 100 пайыз қамтамасыз етілді. Минералды тыңайтқыштарға қатысты қосымша қаржыландыруды күтпей, жыл басында тыңайтқыш жеткізушілер

Көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге қажетті қаржы көлемі 26,7 млрд. теңгені құрайды. Оның 87,1 пайызы немесе 23,3 млрд. теңгесі қаржыландырылды. Бүгінгі күнге каналдардың 134 шақырымы тазаланып, гидротехникалық құрылыстардың 75-і жөндеуден өтті. Ауыл шаруашылығы техникалары толық жөнделіп, егін егу науқанына қатысуда.

Шаруашылықтардың қажеттілігіне сәйкес облысқа бөлінген 12,9 мың тонна арзандатылған дизельдің 40 пайызы шаруашылықтарға жеткізіліп, 1 литрі 250 теңгеден босатылуда деп әкім баяндағандай, қызылордалық шаруа мен шаруашылықтар егіске тас түйін дайын отыр...

### КӨГІЛДІР ГАЗҒА ЖЕТКЕН АУЫЛДАР

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Шиелі ауданына жұмыс сапарымен барып, “Бестам”, “Телікөл” ауылдық округтеріне газ қосу рәсіміне қатысты. Ауыл тұрғындарын Ұлыстың ұлы күнімен, қос қуанышпен құттықтады.



– «Облысты газдандыру жоспары кезең-кезеңімен орындалуда. Барлық аудан орталығы мен 4 қаламыз, 27 елді мекеніміз табиғи газдың игілігін пайдалануда. Биыл 4 млрд теңгеге 12 елді мекенді “көгілдір отынмен”

қамтамасыз етеміз. Осылайша өңірімізде тұрғындарды газбен қамту көрсеткіші 78 пайызға жетеді. Қазір ауданның 40 мыңнан астам тұрғыны табиғи газдың игілігін көріде. “Еңбекші”, “Жиделіарық”, Ә.Тәжібаев, “Алмалы”, Досбол датқа, “Бестамға” газ тарату желілерін тарту үшін республикалық бюджеттен 1,5 млрд теңге бөлініп, құрылысы жүргізілді. Өткен жылдан бері “Еңбекші” және “Жиделіарық” ауыл-

дарының тұрғындары газ тұтына бастады. Бүгін “Бестам” және “Телікөл” ауылдары қосылуда. Жақын күндері “Алмалы” және Досбол датқа ауылдарына газ барады. Ауылдарыңызға келген “көгілдір отын” – көптің игілігіне айналып, тұрмыс сапасын арттырып, әлеуметтік жағдайды жақсартуға он әсер етеді деп сенемін», – деді аймақ басшысы.

Ауыл тұрғындарын еңбек ардагері Дайрабай Ысқаков та құттықтап, бата берді. Іс-шара барысында аудан дамуына үлес қосқан азаматтар мен аудан ардагерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Рәсімнен кейін облыс әкімі газ қосылған үйдің бірін көріп, ізгі тілегін білдірді.

Сапар соңында аймақ басшысы “Телікөл” ауылдық округіндегі «Наурыз. Қазақстан. Жаңару!» атты мерекелік іс-шараға қатысты.

# Ақмешіт Ақшамы

### Кітапхана

### ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ

## АКАДЕМИКТИҢ КӨЗ ЖАСЫ

Бұлардан кейін көп ғалымдар жезқазғандық-тарды жақтап сөйледі. Ақырында аптаға созылған сессия Жезқазған кені жайында бірнеше маңызды қаулы қабылдады. Соның кейбір тармақтары мынадай: «Жезқазған кенінің мол қорын игеруге қазіргі Қарсақбай зауаты дәрменсіз. Сондықтан оның орнына еліміздің мысқа зәрулігін біржола шешу үшін, үлкен Жезқазған мыс қорыту комбинатын салуды ұсынамыз. Бұл өлкедегі мине-ралдық ресурстарды толық игеру үшін Жезқазған – Қарағанды – Балқаш теміржолын салу осы бесжылдықта қолға алынғаны жөн деп білеміз. Бұл үшін КСРО Жоспарлау комитеті, түсті металдар Бас басқармасы, Қатынас жолдар наркоматы бір-бірімен қол ұстаса қимылдаса, істің табысты боларында күмән жоқ».

Академия сессиясының қаулысы қолға тиісімен, профессор Ванокотвның көмегі арқасында, кезінде «Темір Нарком» атанған Серго Орджоникидземен кездесу де көңілдегідей жақсы өтті. Кавказдың ер көңілді, ер мінезді азаматы Қаныш Имантайұлының туып-өскен жерін, оқыған қаласын, Жезқазғанның картадағы орнын біраз сұрастырып отырды да, аздан соң геологтың қызғылықты әңгімесіне елітіп, өзі жарыса сөйлен кетті.

– Біздің басқармадағы «білгіштер» өзінді ит әуіреге салып, әбден шаршатқан-ау шамасы, – деп қояды Қаныштың тар жол, тайғақ кешулерін тыңдап отырып. – Қайтсын, оларға да сөгіс жоқ. Олар мемлекеттің Әйбір сомы үшін басымен жауап береді.

Бұл қабылдау 1934-жылдың 31-желтоқсанында өткен. Ертен жаңа жыл. 1935-жыл есік қағып тұр. Нарком сағатына қарады да:

– Сен, жігітім, Мәскеуде әлі де біраз күн аялдай тұр. Мына қағаздарың әзірше менде қалсын. Саяси Бюроға ұсыныс әзірлеуіміз керек. Оған өзің де қатынасатын бол. Өзірше Түсті металдар басқармасымен келісіп, саған олардың қоржын түбін қағып берермін. Ол жетпей жатса тағысын тағы көрерміз... Келістік пе? – деді мұртының астынан жымия күліп.

Екеуі бірін-бірі жаңа жылмен құттықтап, наркоммен жылы қоштасты.

Міне, осыдан кейін екі жылдай кідіріп қалған Жезқазған өндірісі қайтадан жандана бастаған. Орталықтан жүз миллиондап қаржы босатылды. 1935-жылы, 25-наурызда ауыр өнеркәсіп наркомы Жезқазған мыс қорыту комбинатының құрылысын бастау жөніндегі бұйрыққа қол қойды. Көңірг өзенінің төменгі аңғарында Жезқазған қаласын салу жоспарланып жатты. Неғыласың, бүкіл одақ бойынша өндіріс дегенін өрге басып, қиялдағының бәрі орындалып жатқан. Амал не, әуел баста іргетасы дұрыс қаланбаған ба, аяқ астынан Совет өкіметін тағы да қырсық шалды.

##### - IV -

1937-жыл. Бұл бір қоғам мүшелері бірін-бірі аңдыған, ел ішінен жау іздеп, бірін-бірі итжеккенге айдатқан, пәлелі, қырсық жыл болды. Сірө, осы Социалистік қоғамның жетілмей туған әлдебір шалалығы болса керек. Әйтеуір төрт-бес жыл сайын бір шікілгі шығады да тұрады. Не пәле шықса да, орталықтан басталады ғой. Отызыншы жылдардың басында Каменов, Зиновиев, Бухарин бастатқан Сталинның баққүндестері аласталып еді. Оның аты – «Партияға қарсы блок» делінген. 1934-жылы Ленинград обкомының басшысы Кировты біреу аяқастынан алып кетті де, «Халық жауы» деген атау жарыққа шықты. «Социализм жеңіске жеткен сайын оның жаулары көбейе береді» депті ұлы көсем. Содан бері ел ішінен «жау» іздеу әдетке айналған.

Соңғы жылдардағы аса ірі «жау» Троцкий делініп, оның жақтастары «Троцкийшілер» деп аталған. Әсілі, Советтік Қызыл армияны өз қолымен құрған кісі – Троцкий ғой. Соған байла-нысты, армия ішінде бірден тазалау жүрді. Кеңес-тер одағында бес Маршал бар еді, соның үшеуі «Халық жауы» атанып, ана дүниеге аттанып кетті. Егеров, Блюхер, Тухачевский. Әскер ішіндегі ең сауатты командирлер де осылар болатын. Сөйтсек, олар Троцкийді жақтаушылар екен ғой. Іс Маршалдармен ғана тынған жоқ, генералдардың 80 пайызы, полковниктердің 60 пайызы «жау» атанып, алды аталып, арты Сібірге айдалды. Және бұл науқан қыл мезгілде жүрді дейсіз ғой? Германияда Гитлер билік басына келіп, көрші елдерге көз аларта бастаған кезде іске асты. Ал осыны ақылды адамның ісі деуге бола ма? Қаныш Имантайұлы нақ осыған дейін мұртты көсем жайында ала-құла ойда жүруші еді, мынадан кейін көсемге сенуден қалды.

Мәскеуде самал тұрса, Қазақстанға келгенде қара боранға айналатын әдеті. Көп ұзамай мұндағылар да «Халық жауын» іздеп шарқ ұрды. Қазақстанда жәй «Халық жауы» болу аздық етті ме, енді оған «Жапонның шпионы» деген айдар қосылды. Алда, бейшара қазақтар-ай, осындай науқан шықса болды, біздің халықтың өкпесі қабынып шыға келетіні несі екен? Жоғарғы ұлықтарға жағынғысы келіп тұратын құлдық

мінездің бұл да бір көрінісі болса керек. Бұрын ерегесіп қалған екі қазақ, бар құдірет өз қолында тұрғандай, бір-біріне: «Бәлем, көзінді абақтыда жылтыратайын ба» деп кіжінеді екен. Қазір, несін айтасың, сол тілегі қабыл болып, өзара өш-араздығы, бақ күндестігі барлар бірін-бірі оп-оңай айдатып жіберетін күйге жетті. Барса-келмеске марғау асырып, көзін жойып жіберсе тіпті жақсы.

Жезқазғанда, қиян шетте жүрген Қаныш «жаулардың» тізімін тек газеттен оқиды. Кеше ғана атқа мініп, ел басқарып жүрген

мыс қабаты жатқанын түсіндіру үшін бұл Мәс-кеуде кімнің алдына бармады? Кімнің есігін қақ-пады? Сонда, ақиқатты пір тұтқан бірлі-жар ұстаз ғалымдар мен мемлекет мүддесін ойлаған Нарком Серго Орджоникидзеден өзге Қанышқа қол ұшын берген кім бар? Қол ұшын бергенді қойып, көп-шілігінің арғы көкейінде «әлі ғылыми дәрежесі де жоқ, көшпенді қыр баласы не біледі дейсің» деген күпірлік тұрғанын бұл талай рет байқаған. Ендеше, сол «көшпелі қыр баласы» өз жерінің қыры мен сырын мен-менсіген ғалымдардың бәрінен де артық білетінін Қаныш дәлелдеуі керек. Жезқазған

### Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ

# АКАДЕМИКТИҢ КӨЗ ЖАСЫ

шабуылы басталды, енді шегінетін жер жоқ.

Ендігі уайым – Жезқазған емес, басқада. Дәл осы жолы отаршылдардың арыдан ойластырған қосқыртысты саясаты мен құлдардың аңқау мінезінің үйлесе кетуі аландатады. Тоба, біздің қазақтың осындай науқан кезінде ұранға қиқу қосып, белсене араласып кететіні несі екен осы? Ұлттың іргесін бекіту, сырттан төнген пәлеге тосқауыл қою, ел ішін ірітпеу, азаматтарын сақтап қалу дегендер ойларына кіріп-шықпайды. Сырттан жау шапса, өздері далақтап бірге шабады-ау! Ал, бірін-бірі ұстап беруге, бақ-күндес, араз адамдарын «жау» деп көрсетуге келгенде алдарына жан салмайды. Несін айтасың, мына науқан бірін-бірі құртқанша тыным таппайтын алты бақан, ала ауыз қазаққа таптырмас құрал болды. Қазір руға, жүзге бөліну де өрттей өршіп тұр. Оның ар жағында өкіметке жағыну, көрініп қалу, өз атын оздыру деген пәлесі тағы бар. Айналып келгенде осының бәрі танауынан арғыны көрмейтін надандыққа, әбден еттен өтіп, сүйекті қапқан құлдық мінезге, соқыр санаға келіп тіреледі.

Қаныш Имантайұлы осының бәрін көріп-біле тұра, істер амал таппай торығады. Енді бәрі кеш. Қазақты табан астында қайта тәрбиелеу мүмкін емес. Ең қиыны, қазақты түзу жолға салады-ау деген ғұлама ұстаздардың өзі ұсталып кетті ғой. Кешегі «Алаш» қайраткерлері де осы мақсатта күртылды емес па? Қаныштың бар қолынан келгені – «Халық жауы» атанып, ұсталып кеткен өз ағаларының артында қалған шияттей бала-шағасына көмек қолын созу болды. Әбікей ағасының отбасы Қырғызстанда қалды ғой. Әбікейдің бір баласы Ғалымтай Қаныштың өз тәрбиесінде өскен. Осының алдында ғана Ленинградтың геология институтын бітіріп, түстіктегі Ащысай кенінде қызмет істеп жүрген сол Ғалымтайды өз отбасына бас-көз болу үшін, Қырғызстанның алтын кеніне ауыстырды. Ал Омбы маңында қалған Ғазиздін үй ішіне Тәрмизи Имантаевты жіберіп (Бұл – 1932-жылы аштан әлейін деп жатқан жерінде аш балалармен бірге Баянауылдан алып қайтқан інісі ғой), ондағыларды сабырға шақырып, қаржы жағынан көмектесті. Ал Әбдікөрім ағасының үйінде екі баласымен қалған Умина жеңгесін төркін жұртымен жалғастырды. Осыдан кейін ғана көңілі сәл тыншығандай болып еді.

Бір тәуірі, осы жылдарда көңілге демеу болып, Жезқазған өндірісі үлкен қарқынмен үдей түсіп еді. Бұл кезде Қарсақбайдағы мыс қорыту комбинаты іске қосылған. 1938-жылы «Жезқазған – Жарық» теміржолы салынып бітті. Сөйтіп, Арқа жеріндегі үш бірдей өндіріс алыбы: Жезқазған – Қарағанды – Балқаш арасы теміржолмен түйіскен-ді. Осылармен бір мезгілде Кеңірс су қоймасы салына бастаған. Осылайша, Ұлытау өлкесі Одақтағы аса ірі өндіріс ошағына айнала бастап еді. Бұл жағынан Қаныш Сәтбаев ойлаған мақсатына жетті деуге болады. Ерүліге – қарулы, Сәтбаев Жезқазғанды көтерсе, Жезқазған Сәтбаевты көтерді. Бұл күнде жер жүзінде қазақ геологын білмейтіндер кемде-кем. Орталық газеттерде Қаныштың суреттері, мақтауын асырған мақала-өчерктер...

Жезқазғанда өткен 15 жыл! Бұл мерзім – Қаныш үшін демалысы, бой жазуды, рахаттануды ұмытып, жаңұшырған жылдар болыпты-ау! Сенесіз бе, ерлі-зайыпты Сәтбаевтар осы жылдар ішінде бір рет демалыс алып, курортқа бармапты ғой. 1939-жылы Қара теңіз жағасында – Ялтада өткен екі ай тұла бойдағы шаршау мен зорықты біржола шығарғандай болып еді. Адам өзінің қаншалық қажығанын қамыттан босағанда біледі екен. Ой-хой дүние! Өмірте мұндай да рахат болады екен-ау! Несін айтасың, ыстық күн, ыстық құм, шалқыған көк теңіз... Анадан жаңа туғандай сергітіп шығарған. 1940-жылы Қазақстанның дербес республика болғанына 20 жыл толған мерекесі үлкен өрлеу үстінде тойланды. Өкімет кешегі өткен жазықсыз құрбандарды ұмыттырып жібергісі келді ме, бұл мерекеден ештенесін аяған жоқ. Мүшелтой Алматыда, Республиканың барлық облыстарында жыл бойы тойланып, оның аяғы Мәскеуде жалғасты. Мәскеудегі басқа да іс-шаралар қатарында КСРО Ғылым Академиясының төралқасы да арнайы мерекелік жиын өткізуді ұйғарыпты. «Қазақстан ғылымының 20 жылдағы жетістігі» деген тақырыпта бас баяндаманы кім жасайды дегенде, Республика үкіметі бір ауыздан Қаныш Сәтбаевты ұсыныпты.

Міне, осы баяндама Сәтбаевтың бұдан былайғы тағдырын белгіледі деуге болады. Мінбеге көтерілген Қаныш бұл жолы ештеңеден тартынған жоқ. Көкейде жүрген ойларын түйдек-түйдегімен ағытты-ау бір. Ол ең алдымен қазақ даласының ұлан-байтақ кеңдігіне тоқталған. Қазақ даласы – Азия мен Еуропаны бір-біріне қосып жатқан, жер көлеміне Германия, Италия, Франция, Британия мемлекеттері жер-суымен еркін сыйып кететін, асты-үсті бірдей байлыққа толы, қазыналы өлке екенін кеудесін керіп тұрып, мақтанышпен баяндады. «Алтайдың алтын қоры, Жезқазған мен Балқаштың мыс, марганец,

қорғасын, мырыш кендері, Қарағандының көмірі – осы сөзімізге дәлел... Қысқасы, Менделеев кестесінде қанша элемент бар, соның бәрі қазақ жерінен табылады» деді. Осының бәрі кеңес дәуірінде табылып, мойындалған нәрселер. Осы бертінде, 19-ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген атақты ғалымдар Семенов-Тяньшанский мен «Кен қазбалары» кітабының авторы Богдановичтың «Қазақ жерінде тұздан басқа кен байлығы жоқ» деп қателескенін еске салып, залда отырған ғалымдарды ду күлдірді. Қазақстанда қауырт қарқын алған өндіріспен бірге Қазақ

ғылымының да біртіндеп дамып келе жатқанын нақты мысалдармен жақсы айтты.

Баяндаманың әсерлі болғаны сонша, Қанышты бұрын танымайтын академиктер де оның қолын алып, құттықтап жатты. Өйткені, Қаныш Имантайұлы осы жолы өзінің жан-жақты терең білімімен ғана емес, орысша шешен сөйлейтін орамды тілімен де ғалымдарды қатты сүйсіндіріп еді. Не керек, осыдан кейін «Құдай берген жігітке құлай береді» дегендей, жеңіс, қуаныш, табыс дегендерің қос-қостан келіп жатты.

1940-жылы, Қаныш Имантайұлы Қазақ ССР-ның 20 жылдығына орай, Ленин орденімен мара-патталды. 1941-жылы КСРО Ғылым академиясы қазақ филиалының басшысы болып сайланды. Әрі Алматыдағы Геология институтының директоры болып тағайындалды. Осының артынан көп ұзамай, Бүкіл одақтық аттестациялық комиссияның шешімі бойынша, Сәтбаев геология-минералогия ғылымдарының докторы деген атаққа ие болды. Тағы сол жылы Жезқазған кен орындарын ашудағы аса зор еңбегі үшін оған КСРО мемлекеттік сыйлығы берілді. Бұдан соң келесі жылы КСРО Ғылым академиясының толық мүшесі, яғни академигі болып сайланды... Осының бәрі айналып келгенде, Қаныш Имантайұлының Республика астанасы Алматыға ауысып, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастыру алдындағы дайындық іспетті еді.

##### - V -

Қаныштың КСРО Ғылым академиясы Қазақстан филиалының жетекшісі, әрі Геология институтыныңдиректоры болып, Алматыға ауысуы 1941-жылы Ұлы Отан соғысының басталуымен тұспа-тұс келді. Осыған орай, оның алдында екі үлкен міндет тұр еді. Оның бірі – Қазақстан ғылымын, оның ішінде әсіресе геологиялық зерттеулер жетістігін отан қорғау ісіне, қару-қарақ жасауға қажетті металдар өндіруге бейімдеу болса, екіншісі – қазақ филиалының жұмысын жандандыру, оның көлемін, зерттеу нысандарын ұлғайтып, жаңа институттар ашу болатын. Қанышқа Алланың берген абыройы шығар, бұл екі міндет те өз орайын тауып, ойдағыдай орындалды.

Отан қорғау дегенде, Қазақстанның мысы мен мырышы, қорғасыны мен қалайысы талайдан бері қорғаныс қажетіне жарап келген ғой. Енді келіп, аяқастынан марганецке зәрулік тусын! Бұрын Совет одағының марганецке деген қажетін екі бірдей кен орны өтеп келген ғой. Оның бірі – Днепр жағалауындағы Никополь кеніші де, екіншісі – Кавказдағы Чичатура кені болатын. Енді, міне, сол екі кеніштің екеуі де жау қолында қалып отыр. Енді не істемек керек? Марганецсіз күн қараң. Марганец – құршы пен темірге оқ өтпес қасиет дарытатын нағыз ақауыттың өзі. Марганецсіз танкі де, зенбірек те жасалмайды. Жасалса да, құршы қабатынан айырылған көк темірдің үйіндісі болып шығады. Ашығын айтқанда, мұның аты – жеңілсіз.

КСРО Халық комиссарлар кеңесінің қатты қысылғаны сонша, тамыз айында Шығыс аймақтардан жедел түрде марганец өндіру туралы қаулы алып, үндеу шығарды. Ол үшін адам күші де, қаржы да молынан жұмсалатыны ескертілді. Бұйрық теңдес бұл қаулы басқа республикалар қатарында Қазақстанға да келді, әрине. Қазақстан өкіметінің мыс пен құрыш десе, білетіні – Сәтбаев. Бірден орталық комитетке шақырған:

– Мына марганецті не істейміз? Қалайда бір амалын тап! – деп өтінді олар Қанышқа.

– Оған бола саспаңыздар. Бізде марганец бар. Қанша қажет болса да табамыз! – деді Қаныш Имантайұлы қашанғы әдетінше сабырмен жауап берді.

– Солай ма? Апырай, мынауың жақсы болды-ау! Қайда екен ол марганеці бар болғыр? – десіп республика басшылары ержендесіп қалды.

– Қайда болушы еді? Өзіміздің Жезқазғанда! – деді Қаныш Имантайұлы жымия күліп.

Не керек, Сәтбаевтың көрегенділігі осындай қысыл-таяң тұста тағы бір рет шарапатын тигізді-ау! Айтып отырғаны ып-рас. Қаныш Имантайұлы өткен жылы Жезді өзенінің аңғарынан марганецтің мол қорын тауып, әлдеқашан картаға түсіріп қойған. Оның үстіне, биыл Алматыға ауысарда бірденені сездіргендей, И.Н.Богданчиков бастатқан бір топ кеншіні марганец кенінің ауқымын анықтау үшін, сол Жездіге аттандырып та жіберген. Енді, міне, сол кен орны жан қысылғанда көдеге асайын деп тұр. Республика басшыларының қуанышында шек жоқ. Басқа республикалар өз жерлерінен марганец іздеп, ала шапқын болып жүргенде, Қазақстан ол міндетті орындап та қойды. Олар бірден қорғаныс комитетіне жеделхат жолдап, шүйінші сұрамақ болған-ды. Аздан соң қайта ойланып, мұндай жеделхаттың үкімет атынан емес, жұмысшылар атынан барғаны жөн десті. Ол күндері марганец кенінің аты ашық айтылмайтын. Сондықтан Қарсақбай геологиялық барлау орталығы атынан Қара металлургия наркомына айрықша шифрмен құпия мәлімет жолданды.

*(Жалғасы бар)*

# ЖАҢАРУ мен ЖАҢҒЫРУДЫҢ МЕРЕКЕСІ ӘЗ-НАУРЫЗ

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі иіс қазақ үшін бағзыдан келе жатқан төл мереке. Жақсылықтан ниет еткен дана халықтың арман-мақсатының жаңа күйге еніп, жаңа күннен үміт күтетін ұлық мейрам. Ұлт руханиятын арттыру мақсатында жаңа жобалар аясындағы Наурыз мерекесінің ауқымын кеңейтіп, жоғары биліктен бастап барынша қолдау тауып жатқаны көңіл қуантады.

Биылғы жылы Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қоғамды

өтті. Тұрғындарда Наурыз мерекесі қай жерде тойланады деген сұрақ болды. Көпшілікке беймәлім Тараз көшесінің басынан бастап, аяғына дейін этноауылға айналып, ұлтымыздың салт-дәстүрі дәріптелді.

Ұлыстың ұлы күнін тойлау өңірімізде Бесарық ауылынан басталды. Іс-шараға арнайы қатысқан аймақ басшысы ауыл тұрғындарын, жиналған қауымды Наурыз мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Мереке қарсаңында Қызылорда қаласындағы ашылғанына көп бола қоймаған "Өнер" орталығының алдына жиылған жұрттың қарасы қалың



ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді деп сенемін», – деп атап көрсетті. Мемлекет басшысы ерекше мән берген Ұлу жылындағы Ұлыстың ұлы күні елімізде жаңаша бастау алды. Осыған байланысты арнайы тұжырымдама қабылданып, әр күнге атау берілді.

болды. Сыр өнерпаздарының театрландырылған қойылымында Алдар көсе де, Тазша бала да, басқа да аңыз-ертегі кейіпкерлері көрермен көңілін аулап, мереке мезіретін сезіндіре түсті.

Биыл наурыз айынан бастап, облыс әкімінің бастамасымен Сыр өңірінде «Руханият жылы» деп жарияланған болатын. Жалпы, тарихы тереңнен



"Өнер" орталығының алдына «Руханият жылына» орай 20 киіз үй тігілді. Киіз үйлерде жарапазан айтылды, қыз бен жігіт айтысып, қазанжаппай жабылды. Ұлттық спорт сайыстары, қолөнершілер фестивалі өтіп, театрландырылған қойылым қойылды. Қазақтың дәстүрлі «Сырға салу» рәсімі

қалады. Дәл осындай «Ардагерлер ауылы», «Ақындар ауылы», «Мұнай-шылар ауылы», «Денсаулық ауылы», «Ынтымақ ауылы», «Еңбекшілер ауылы», «Кәсіпкерлер ауылы», «Құрылысшылар ауылы», «Мұрагерлер ауылы», «Береке ауылы», «Қаржыгерлер ауылы», «Жастар ауылы» мен «Керуен сарайы» деген атпен тігілген

650 миллиардқа жетті. Бұл қаражат халқымыздың өмір сүру сапасын жақсартуға, елдегі ең өзекті деген мәселелерді шешуге бағытталуда. Сол жағалаудан да елге қызмет етер көптеген нысан бой көтеруде. Соның бірі ретінде таяуда жаңа автовокзалды пайдалануға бермекпіз. Құрметті ағайын! Ұлыстың ұлы күні мол болсын! – деді облыс әкімі құттықтау сөзінде.

Бұлармен қоса жақын күндері Қызылорда қаласында «Қорқыт ата» әуежайы жаңа терминалының, алды-мыздағы медицина қызметкерлері күні қарсаңында облыстық «Қан орталығының» пайдалануға берілетіндігін айтты.

«Өнер орталығындағы» наурызда мекеме, ұйым басшылары өз қызметкерлеріне Алғыс хаттар беріп, мерекелік құттықтаулар жасады. Облыстық мәдениет басқармасының басшысы Мира Қазбекова да мәдениет саласының бірқатар маңдайалды қызметкерлеріне облыс әкімінің Алғыс хатын табыстады.

Мерекедегі спорттық шаралар өте қызықты өтті. Күрес, гір көтеру, тірі салмақтағы қой көтеру жанкүйерлердің делебесін қоздырды. Әсіресе, алпыс келі болатын марка қойды мойнына салып, 102 мәрте отырып-тұрған Жалағаш ауданының палуаны Қалдыбек Айғалидың өнеріне көпшілік сүйсіне қол соқты. Осылайша жас жігіт ауылына қой олжалап қайтты.

- Бүгінгі Наурыз мерекесі ерекше өтуде. Киіз үйлер тігіліп, ұлттық ойындар ойнатылып жатыр. Жыл сайынғы дәстүрді жалғау мақсатында отбасыммен бірге келдім. Барлығы жақсы ұйымдастырылған,-дейді қала тұрғыны.

Аспанда ән әуелеп, күй тегілген, сахнасында бишілер мың бұрала би билеген Ақмешіттің орталығында дүбірлі думан өнерпаздар шабуымен жалғаса түсті. «Өз Наурыз – берекенің ақ бесігі» атты арнайы дайындалған театрландырылған қойылым да жұртшылықтың жүрегіне жол тапты. Р.Бұрабайдың «Сыр ордасы» шығармасын орындаған «Сырлы саз» халықтық фольклорлық этно ансамблі, Шынберген Сүлейменовтің «Сыр елім» әнін орындаған ҚР еңбек сіңірген әртісі Күлән Қалымбетова, қазақ эстрадасының жұлдызды жұбы Жанболат пен Жазира, қазақ эстрадасының жұлдызы, дәстүрлі әнші Айгүл Қосанованың керемет өнері мен Сыр өнерпаздарының концерттік бағдарламасы мерекелік көңіл-күйді көтере түсті.

Жердің балшығына, жауған жаңбырға қарамай қызылордалықтар рухани байып, есте қаларлықтай көтеріңкі көңіл күймен Наурыз мерекесін қарсы алды.

Мұхаммедшах КАЮП



Көрісу күнімен басталған мерекені жұртшылық «Қайырымдылық», «Ұлттық салт-дәстүр күні», «Шаңырақ», «Ұлттық киім күні», «Жаңару күні», «Ұлттық спорт күні», «Ынтымақ күні» секілді атауларға сай мерекеледі.

Ал «Жыл басы» деп аталған 22-наурыз күні толассыз жауған жаңбыр тоқтап, жылы шуағын тегіп келді. Осы күнгі өз-Наурыз Қызылорда қаласында жылдағыдан ерекше бейнеде аталып

тамырласқан Сыр өңірінің төл өнері, мәдениеті мен әдебиеті баға жетпес асыл қазынасы саналады. Өңір жыр жауһарлары тегілген, киелі өнердің алтын көмбесіне айналған құтты мекен. Қай кезде де түркі халқына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы Қорқыт бабамыздың ізі қалған Сыр елінің тауы мен тасы шежіреге толы. Биылғы жылдың өңірде «Руханият жылы» аталуы бекер емесі осыдан айқын аңғарылады.

көрсетіліп, ата-әжелер ансамблі халық әндерін шырқады.

Тігілген киіз үйлердің әрқайсысының өзіне арналып қойылған аты бар. Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының киіз үйі «Руханият ауылы» атанса, Қызылорда облысының білім басқармасы мен қалалық білім бөлімі «Ұстаздар ауылының» іргесін

## АСПАННАН НҰР ЖАУЫП ТҰРДЫ...

22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні. Бұл күні күн мен түн теңеледі. Жер Ана да, жануар да, табиғатта жаңарады. Халық наурыз мерекесіне күнібұрын дайындалады. Дәстүріміз бойынша үйге қос шырақ жағылады, ыдыстар ернеуіне дейін айранмен, қымыранмен, қымызбен, сүтпен толтырылады. Бұл тоқшылықтың белгісі болып саналады.

Қаламызға қарасты Белкөл кентінде Наурыз мерекесі жоғары деңгейде тойланды. Киіз үй тігіліп, наурыз көке молынан дайындалды. Кент тұрғындары жиналып, би билеп, ән шырқады. Жаңбырдың жауғанына қарамастан жиналған жұртқа жаңбыр да кедергі болмады. Жігерлі жастардың арасында ұлттық ойындар ойнатылып, күш сынасып, жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар таратылды.

Өз кезегінде кент әкімі Жасұлан Сәдуа:

- Құрметті кент тұрғындары, құрметті қонақтар барлығымызды төл мерекеміз, жаңа жылымыз, Өз Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Енді биылғы жылдың наурыз мерекесі ерекше форматта тойланып отыр. 10 күн наурыз мерекесін тойлаймыз. Бүгінде наурыз мерекесін кент тұрғындарымен тойлап жатқан ретіміз бар. Өздеріңіз көргендей аспанда нұр жауып тұр. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын. Наурыз мерекесімен бірге келген Рамазан айы құтты болсын. Ұстаған оразаларыңыз, ниеттеріңіз қабыл болсын,-деп ыстық ықыласын білдірді.

Кәсіпкерлер, мектеп ұжымы, «Балапан» балабақшасы жеке дара киіз үй мен ою өрнекпен өсемденіп, халыққа дәм ұсынды. Осы орайда №189 орта мектептің директоры Корганова Кадиша мерекенің жоғары деңгейде өтіп жатқанын тілге тиек етті.



- Мектеп атынан сахналық көрініске "Қыз ұзату" және "Бесік салар" рәсімін көрсетті. Іргесі сөгілмеген бірліктің берекесі, ырысын тегілген тірліктің берекесі саналған жыл басы жақсылықтың нышаны. Жаңалықтың басы бола білген Өз наурыз мерекесі барлық халқымызға құтты болсын. Мектебіміздің атынан шығып жатқан ұжымыма көп рақмет айтамын,- деді кенттегі мектеп басшысы.

Кент әкімі Жасұлан Сәдуа барлық көрініс қойған балабақша мен мектеп ұжымына сый-сияпат ұсынды.

Ақ жаулықты өжелеріміз "Аспаннан нұр жауса, біз ән жаудырамыз" деп халықтың халық әндерін шырқады. Артында "Өль-Азиз" оқу орталығының жұлдыздары би билеп, ән шырқады. Мерекелік іс-шара аяқталуына жақын сәтте халық дастарханға жайғасып, дәм алысып, кент ақсақалдары бата берді.

Қазына ҚҰЛМЫШОВА

Наурызнама

# ӘКІМ МЕН БАЛА



Тізерлеткен "тұсаукесер"



Ел ағасы ел баласын атқа мінгізді



"Ала жіптен аттама"



Қамшы деген ержігіттің бір қаруы



Балалар биліктің қамқорлығында



Алғашқы қадам



Домбыралы бала



Болашақ алға жетелейді



Елжіреген билік



Сәби сүйкімділігі

## ҚҰНДЫЛЫҚТАР КӨРІНІСІ

